

## БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

## Операциялық жүйенің негізгі нысандары мен оны басқару

ЖАРИЯЛАНДЫ  
21.11.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/126678/>

Марибаева Аймен Айтхановна

**Сабақтың тақырыбы:** Операциялық жүйенің негізгі нысандары мен оны басқару**Сабақтың мақсаты:** Операциялық жүйе ұғымы мен негізгі нысандары және оның міндеттері туралы оқушылардың білімдерін қалыптастыру**Сабақ міндеттері:**

- **Білімділік:** Оқушыларды ОЖ ортасының ерекшеліктерімен, жұмыс үстелі түсінігімен таныстыру, есептер тақтасын, «Бастау» батырмасын және басты менюді жұмыста қолдануға үйрету
- **Дамытушылық:** Оқушылардың есте сақтау және зейіндік қабілеттерін, логикасын дамыту
- **Тәрбиелік:** Оқушыларды жан-жақты болуға, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Өткенді пысықтау кезеңі
3. Жаңа сабақ кезеңі
4. Жаңа ұғымдарды бекіту кезеңі
5. Жаңа ұғымдарды қолдану кезеңі
6. Бақылау кезеңі

**Сабақ барысы**

1. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен сәлемдесу, сабақтың тақырыбын, мақсатын және міндеттерін айту

### 1. Өткенді пысықтау кезеңі:

- Компьютердің программалық жасақтамасына нелер жатады?
- ОЖ-нің негізгі міндеттерін атаңдар
- Интерфейс деген не?
- Қандай интерфейстерді білесіңдер?
- Қолданбалы программалардың міндеттері қандай?
- Программалау жүйелері не үшін қолданылады?
- Драйверлер не үшін қажет?
- Ядро дегеніміз не?

### III. Жаңа сабақ кезеңі:

Компьютердің программалық жасақтамалары жүйелік, қолданбалы программалардан және программалау жүйелерінен тұрады.

Жүйелік программалардың ішінде операциялық жүйе (ОЖ) (операционная система — ОС) негізгі болып табылады.

ОЖ — компьютердің барлық мәліметтерді өндеу жұмысын ұйымдастыратын программалар жүйесі. Ол компьютердің барлық құрылғыларын басқарады, компьютер құрылғыларының арасында және компьютер мен адам арасында мәліметтер алмасуын жүзеге асырады. Сонымен қатар ОЖ — әмбебап жүйе, оны әр түрлі типтегі компьютерлерге, компьютерге қосылған қосымша құрылғыларға сәйкестендіріп баптауға болады. компьютерді дербес түрде баптауға мүмкіндік береді.

ОЖ-нің негізгі функциясы — осы орта үшін арнайы құрылған бағдарламалардың жұмысын басқару.

WINDOWS – бұл компьютерлік технологияның жаңа деңгейі. Ол деректермен жұмыс жасаудың объектілі-бағдарланған әдістемеге негізделген. ОЖ ортасының ерекшеліктері:

- пайдаланушының интерфейсін стандарттау;
- көлемі ондаған Мбайт жедел жадты тиімді басқару;
- жаңа сыртқы құрылғыларды қиындықсыз қосу мүмкіндігі;
- программалардың функциясын интеграциялау
- көп мәселелік, яғни бірнеше қолданбалы қатар орындау және бір программадан екіншіге оңай ауысу мүмкіндігі;

ü графикалық режимді басым қолдану;

ü жергілікті желі және Internet желісінде жұмыс істеуді қолдаудың құрамдас құралдары;

ü мультимедиамен (дыбыс және бейне) жұмыстың құрамдас құралдары;

ü «Plug and Play» технологиясы (қосатын құфылғыларды автоматты баптау).

WINDOWS — графикалық операциялық жүйе, оның негізгі объектілері терезе мен белгішелер түрінде бейнеленеді.

WINDOWS-тің объектілері — терезе, жұмыс столы, шартбелгілер, жарлықтар, бумалар, тышқан, мәлімет алмастыру буфері.

WINDOWS ортасында **жұмыс столының** рөлін дисплей экраны орындайды. Онда жұмыс істейтін программалардың терезелері, құжаттардың жеке файлдары шартбелгілер түрінде орналасқан.

**Шартбелгі** — экран бетіндегі қысқаша жазуы бар кішірейтілген графикалық бейне. Ол дисплей экранындағы программаны, терезені, функцияны, файлды т.б. бейнелеп тұруы мүмкін.

**Жарлық** — белгілі бір объектімен тікелей қатынас жасауды іске асыратын командалық файл.

**Бума** — экаранда каталогтарды және программалық топтарды белгілеу үшін қолданылады. Бума бұл объектілер қоймасы.

**Тышқан** тетігімен орындалатын ең негізгі операция — экран бетімен сілтеменің қозғалуы болып табылады.

**Мәлімет алмастыру буфері** — әртүрлі программалар немесе құжаттар арасында мәліметтерді тасымалдап, олардың фрагменттерін бір-біріне ауыстырып отыру үшін қолданылатын жады бөлігі.

**Есептер тақтасы** — бұл экранның төменгі жағындағы жіңішке сұр жолақ. Есептер тақтасында «Бастау» батырмасы, уақыт, күн, іске қосылған бағдарламалардың аттары бар батырмалар орналасқан.

**«Бастау» батырмасы** — бұл батырманы басқаннан кейін жүйенің «Бас менюі» пайда болады. «Бас меню» жеті пункттен тұрады:

1. Ашылатын бағдарламалар тобы мен қосымшалардан тұратын тізім
2. Жуық арада ашылған құжаттардың 15-тен аспайтын тізімі
3. Баптау
4. Іздеу

5. Анықтама
6. Орындау
7. Жұмысты аяқтау
8. **Жаңа ұғымдарды бекіту кезеңі**

- Оқулықтағы бақылау сұрақтарына жауап беру.

1. **Жаңа ұғымдарды қолдану кезеңі**

- Оқулықтағы «Өзінді тексер» сұрақтарына жауап беру.
- Оқулықта берілген тәжірибелік тапсырмаларды орындау.

## **VI.Бақылау кезеңі**

- WINDOWS операциялық жүйесінің ерекшеліктері қандай?
- Мәлімет алмастыру буфері дегеніміз не?
- Бума дегеніміз не?
- WINDOWS ОЖ қандай объектілері бар?
- Есептер тақтасы дегеніміз не?
- Жұмыс үстелінде қандай нысандар орналасқан?
- Шартбелгі дегеніміз не?
- Жарлық дегеніміз не?

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.